



Саржанов Темірғазы

1926 жылы 2 шілдеде бұрынғы Торғай уезі Сужарған деген жерде №7 ауылда дүниеге келген. 1944 жылдың қараша айында майданға аттанады. Челябині облысының Шұбаркөл станциясында 1 ай әскери дайындықтан өтіп, Польша жерінде ұрысқа қатысады. Содан кейін жаудың Штеттин қаласын алып, Росток қаласын босатады. Соғыс біткенше II Белорусс майданы, 65-Армия құрамында, 15-атқыштар дивизиясының 47-полкінің 3 батальонында қызмет етеді. Соғыс аяқталған соң 1945-1950 жылдар аралығында Закавказье, Арменияда әскери қызметін жалғастырады. Майдандағы ерліктері үшін I, II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, Кеңес Одағының Маршалы

Г.К.Жуковтың, «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» және бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған. Соғыстан оралған соң 1955 жылға дейін ауданның НКВД қатарында қызмет істеген. Кейін зейнеткерлікке шыққанға дейін аудандық байланыс торабында қызмет атқарған.

